№132 (21.321)
8 қараша
сейсенбі
2022 жыл

1924 жылдың
7 маусымынан бастап
шығып келеді

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Ақтөбе

www.aqtobegazeti.kz
aktobegazeti@mail.ru

Өзекті

АБАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ САНИТАРЛЫҚ ТАЗАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫН КҮШЕЙТУ КЕРЕК

Ақтөбе қаласының айналасындағы аумақтарды абаттандыру, ауылдық жерлерді интернетпен қамтамасыз ету, спорт инфрақұрылымын одан әрі дамыту, «Азаматтарға арналған үкімет» МК» КЕАҚ Ақтөбе облыстық филиалының қызметі мәселелері бойынша өткен аппарат жиналысында облыс әкімі Ералы Тоғжанов осындай тапсырма берді.

Өңір басшысының төрағалығымен өткен жиында облыстың елді мекендері аумақтарының санитарлық жағдайы туралы мәселеге маңыз берілді.

— *Бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі жолға қойылып, нақты нәтижелер болмайынша тазалық пен тәртіп мәселелері тұрақты бақылауда болады. Мұның алдындағы аппарат кеңесінде Алға, Қандыағаш, Шалқар, Хромтау қалаларын абаттандыру бойынша нақты кемшіліктер айтылып, оларды жою жөнінде тапсырмалар берілді. Бұл тапсырмалар орындалды, дегенмен аудан әкімдері берілген аумақтардың тұрақты түрде таза ұсталуын қамтамасыз етуі керек,* — деді Ералы Тоғжанов.

Өткен демалыс күндері жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша Байғанин, Ырғыз, Ойыл, Қарғалы, Қобда, Мәртөк, Мұғалжар және Хромтау аудандарының, сондай-ақ Ақтөбе қаласының әкімдеріне аумақтарды санитарлық тазалау бойынша тапсырмалар берілді.

— *Ақтөбеде қоқыс алаңдарының сыртқы түріне байланысты проблемалар бар. Қалада барлығы 537 қоқыс контейнері бар, оның 180-і жөндеуді қажет етеді. Қала көшелерінің суға толып, лайсаң болып жатуы, олардың санитарлық жағдайы, абаттандыру жұмыстары да сын көтермейді. Бұл мәселе жүйелі түрде шешілмейінше күн тәртібінде қалады,* — деді облыс әкімі.

Ералы Тоғжанов «Сапар» автовокзалы мен теміржол вокзалы аумағының жағдайы да сын көтермейтінін айтып, осы жерлерде тәртіп орнату бойынша нақты шаралар қабылдауды тапсырды.

Жолдарды қардан, лайсаңнан тазарту жұмыстары сынға алынды. Аймақ басшысының тапсырмасымен облыс орталығының жолдарын қысқы мерзімде күтіп ұстауға атсалысқан барлық мердігер мекемелердің қызметі, материалдық-техникалық базасы тексерілмек.

Жиын барысында қала айналасындағы аумақтарды дамытудың Жол картасын жасау туралы шешім қабылданды.

— *Ақтөбенің шетінде орналасқан тұрғын үй массивтері инфрақұрылымы дамыған толыққанды қалалық аумақтар болуға тиіс, алайда олар кәдімгі ауылдарға ұқсайды,* — деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ облыс ауылдарының мобильді кең жолақты интернетке қолжетімділігін қамтамасыз ету міндеті қойылды.

Қазіргі таңда облыстағы 250-ден астам тұрғыны бар 216 ауылдың 174-інде 3G ұялы байланыс қызметі қолжетімді. Жыл соңына дейін тағы 16 ауыл сапалы мобильді интернетпен қамтамасыз етіледі.

Өңір басшысы облыстың барлық елді мекендерін сапалы интернетпен және ұялы байланыспен қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

— *Қазір мобильді интернет пен ұялы байланыстың сапасына қатысты мәселелер Ақтөбе қаласында да бар. Екі күн ішінде осы мәселені шешу бойынша ұсыныстар дайындаңыз. Бұл мәселені байланыс операторлары өкілдерінің қатысуымен болатын жиында қараймыз,* — деп тапсырма берді Ералы Тоғжанов.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, былтыр облыста 1891 спорт нысаны жұмыс істеді. Биыл жыл басынан бері 5 ірі спорт кешені пайдалануға берілді, жыл соңына дейін тағы 8-і пайдалануға берілмек. Алайда тұрғындарды бұқаралық спортпен қамту көрсеткіші әлі де төмен — 34 пайыз.

— *Денешынықтыру және спорт басқармасының жұмысында саланы одан әрі дамытуға қатысты жоспар жоқ,* — деген облыс әкімі бұқаралық спортты дамытуға, соның ішінде еңбек ұжымдарында денешынықтыру мен спортты дамытуға, осы саладағы жұмыстарды жетілдіруге тапсырма берді.

«Барлық ірі компаниялар өз қызметкерлерінің спортпен шұғылдануына жағдай жасап, тиісті спорт нысандарын салуы керек», — деді Ералы Тоғжанов.

Ал «Азаматтарға арналған үкімет» МК» КЕАҚ Ақтөбе облыстық филиалына мүмкіндігінше көп қызметті проактивті форматқа көшіру және халықты проактивті қызметтерді өз бетімен алу үшін қажетті цифрлық дағдыларға жаппай оқыту тапсырылды.

Мейрамгүл САТАЕВА.

20 ҚАРАША 2022 ЖЫЛ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

ЕЛ СЕНІМІ АУАДАЙ ҚАЖЕТ

Жаңылсын ИСМАГУЛОВА,
Қарғалы аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы

20 қарашада болатын кезектен тыс Президент сайлауы — еліміздің одан әрі даму стратегиясын айқындайтын саяси-экономикалық және әлеуметтік салаларда көптеген реформаларды бастауға мүмкіндік беретін маңызды саяси оқиға. Реформалар біздің өміріміздің барлық салаларын қамтиды, сондықтан біздің әрқайсысымыз сайлауға белсенді қатысуымыз керек.

Қоғам сенімінсіз елдің дамуы мүмкін емес. Біз өзіміз сенім артатын, халық игілігі үшін адал қызмет ететін нағыз патриоттарды айналасына біріктіре алатын Президентті таңдайық.

Халықтың әл-ауқаты экономикалық даму деңгейіне тікелей байланысты. Экономикамызды лайықты деңгейге көтеру үшін тек қаржылық ресурстар ғана емес, баршамыздың адал еңбегіміз қажет. Бізде жұмыссыздық болмауы керек, әркім өз жұмыс орнында адал еңбек етіп, ортақ іске өзінің үлесін қосуға міндетті.

Біз Отанымыздың тағдырына бейжай қарамауымыз керек, өйткені гүлденген және қуатты Қазақстан — біздің балаларымыз бен немерелеріміздің жарқын болашағының кепілі.

Ақтөбеліктерді 20 қараша күні сайлау учаскелеріне барып, лайықты деп таныған үміткерге өз даусын беруге шақырамын.

ӘРБІРІМІЗДІҢ ТАҢДАУЫМЫЗ МАҢЫЗДЫ

Нұрдәулет МЕДИЕВ,
Ақтөбе жоғары политехникалық колледжінің оқытушысы,
«Жыл үздігі 2021» жастар сыйлығының иегері

Ел тұрғындары Қазақстанда болып жатқан саяси оқиғаларға ешқашан бейжай қарамайды. Әсіресе реформаларды жүзеге асыруда жастардың рөлі зор. Себебі олар қоғамда жаңа көзқарасты, мемлекетіміздің жаңа келбетін қалыптастырады. Жастар — дамудың қозғаушы күші. Қазір жастардың бақытты өмірі, сондай-ақ өз әлеуеттері мен мүмкіндіктерін толық жүзеге асыра алу үшін мемлекет біршама жұмыстар атқарып жатыр. Бұл жолы да еліміздің жарқын болашағы Президенттік сайлауда азаматтық белсенділік танытып, ел болашағы үшін дауыс береді деп сенемін.

Адамзат тарихына зер салсақ, сайлау әр кезде бұлай ерікті болған жоқ. Ежелгі, орта ғасырларда көптеген шектеулер болды. Сайлауға тек ақсүйектер қатысқан, кедей адамдар мен әйелдер, құлдар сайлаудан шеттетілген. Ал қазір заман басқа. Билікке халықтың пікірі маңызды. Биыл сайлауға алғаш қатысқалы тұрған жастар да бар. Мен колледж оқытушысы болған соң жастардың ортасында жүремін. Олар ертеңгі күніміздің болашағы қазіргі таңдауымызға байланысты екенін біліп, мүмкіндікті бос жібермейді деген сенімдемін. Ол үшін Президенттікке үміткер барлық кандидаттардың сайлауалды бағдарламаларына мән беріп, өздігімізше саралауымыз керек.

Жаңа Қазақстанда әрбіріміздің таңдауымыз маңызды екенін ұмытпайық.



«АҚТӨБЕ» — КҮМІС ЖҮЛДЕГЕР

футбол клубы соңғы 7 жылда алғаш рет жеңіс тұғырынан көрінді

Футболдан Қазақстан чемпионатының 26-туры аясында ақтөбеліктер өз алаңында алматылық «Қайрат» клубын қабылдап, ірі жеңіске қол жеткізді.

Маусымның соңғы матчына өңір басшысы Ералы Тоғжанов келіп, командаға қызу қолдау танытты.

Ойын ақтөбелік жанкүйер Азамат Бекетовті бір минут үнсіздікпен еске алумен басталды. Ал матчтың үзілісінде Қазақстан чемпионы атанған «Ақтөбе-2013» балалар командасы мен Оралда топ жарған «Академия жастары» алтын медальмен марапатталды.

Әсерлі ойынның нәтижесінде «Ақтөбе» «Қайратты» 4:1 есебімен тас-талқан етіп ұтты. Клуб жеті жылда алғаш рет күміспен күптеліп, ел чемпионатының жүлдегерлері қатарынан көрінді.

Облыс әкімі Ералы Лұқпанұлы матчтан соң ойыншыларды жетістігімен құттықтап, оларға жаңа белестер тіледі.

А.МӘЛІККҚЫЗЫ.
(Ойын туралы толық материалды 3-беттен оқи аласыздар)

Таза қала

ЖАУАПСЫЗ МЕРДІГЕРЛЕР СЫНҒА АЛЫНДЫ

Облыс әкімі Ералы Тоғжанов аппарат жиынында Ақтөбе қаласындағы көшелердің тазалығына жауапты мекемелерді сынға алды.

Шаһардың шеткі көшелерін, шеткі аумақтарын айтпағанның өзінде қаланың орталығындағы тазалық тіптен сын көтермейді. Жиында Ақтөбенің басты көшелері — Әбілқайыр хан және Молдағұлова даңғылдарында, әуежайдан кіреберістегі Бөкенбай батыр көшесінде, теміржол вокзалы және «Сапар» автовокзалы аумағындағы көшелерде қоқыс қалдықтарының шашылып жататыны сөз болды. Сондай-ақ Есет батыр, Рысқұлов, Қалдаяқов, Махамбетов көшелерінің тазалығына міндетті мердігердің қоғам алдындағы жауапсыздығы айтылды.

Қаланың орталық аумағын тазалайтын мекеменің бірі — «Өтес-Ақтөбе» ЖШС.

— *Біздің мекеме Ақтөбе қаласындағы жалпы көлемі 1 508 070 шаршы метр аумақтың тазалығына жауапты. «Өтес-Ақтөбе» серіктестігіне міндеттелген аумақта 28 көше бар. Жұмысшылар күн сайын Әбілқайыр хан, Молдағұлова, Сәңкібай батыр даңғылдарының және Пожарский көшесінің жарты бөлігін, сондай-ақ Есет батыр, Маресьев, Қалдаяқов, Тілеу батыр, Вавилов, Рысқұлов, Досжанова, Сәтбаев, Макаренко, тағы басқа көшелерін тазалайды. Жұмыс таңертең ерте сағат 7.00-де басталып, кешкі сағат 17.00-ге дейін созылады. Мекемеде 40-қа жуық адам еңбек етеді. Олардың 30 шақтысы жинау, тазалау жұмыстарына жауапты,* — дейді «Өтес-Ақтөбе» ЖШС директорының орынбасары Тұрлан Садақбаев. Оның айтуынша, күзгі сенбілік басталған күні қоқыс өте көп жиналыпты. Аталған мекемеге тиесілі аумақтан 4 «КАМАЗ» қоқыс шығарылған.

— *Сол күні жұмыстан кеш қайттық. Бірақ жұмыс тиянақты тындырылды. Жұмыстан тыс уақытта да жұмыс істегендері үшін жұмысшыларға қосымша ақы төленді.*

Молдағұлова даңғылының бойында орналасқан Шахматшылар гүлзарында 14 қаңғыбас тұрады. Олар сол аумақты меншікті мекені қылып алған. Тұрмыстық қалдықтар жинайтын контейнерлердің маңынан шкаф, төсеніштер әкеліп қояды. Күн сайын соларды лақтырамыз. Бірақ олар «жаңартудан» шаршамайды. Ал біз кері тасып әлекпіз. Солардың кесірінен жасаған жұмысымыз көрінбейді, — дейді Тұрлан Садақбаев.

Жалпы Ақтөбе қаласындағы Астана және Алматы аудандарында 14 аумақтық учаске бар. Оларға 7 мердігер мекеме қызмет көрсетеді. Мониторингтік топ күн сайын қала көшелерінің санитарлық жағдайына тексеру жүргізеді.

Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

АУЫЛ АМАНАТЫ

ТАБЫСҚА ЖЕТУДІҢ ЖОЛЫ

Қазыбек ӘЛІШЕВ,
«Арман-М» шаруа қожалығының басшысы

«Ауыл аманаты» жобасы — ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған үлкен мүмкіндік. Себебі осы кезге дейін осы жобадағыдай 2,5 пайызбен несие берілген жоқ. Қазіргі таңда қаншама адам неше түрлі шағын кәсіпті жоспарлап қойғанымен, істі бастауға қаражат қолбайлау болып келді. Несиеге алынған қаржы арқылы өз ауласын табыс көзіне айналдырып, бизнесін жүргізуге қолайлы сәт туып отыр.

Қаржылай несиеден бөлек, тауарлық несие де ұсынылады. Жергілікті кәсіпкерлерден мал алып, оны көбейтіп, семіртіп сатады немесе төлімен төлеп құтылуға болады. Біз бұқашықтарды бағуға береміз. Мысалы, тірі салмағы 250 келі тартатын бұқашықтарды бағуға берсек, 5-6 ай бордақылап, семіртіп, кемінде 450 келі салмаққа жеткізіп өзімізге қайта тапсырады. Сонда олар әр бұқашықтан өздері бағып қосқан 200 келісінен пайда көреді. Сол кезде біз тірі салмағының әр келісін 900 теңгеге сатып аламыз. Сөйтіп, әр бастан 180 мың теңге табыс табады. Мұның қайтарымы тез әрі жеңіл. Өйткені 6 ай сайын қайтарып отыруға әбден болады.

Сонымен қатар қойды да бергелі отырмыз. Оны 5 жылға жалға береміз. Әр отбасына өздерінің шамаларына қарай 20-30 қойдан бастап беріледі. Бірінші жылы каникул, екінші жылдан бастап төл есебінен төлеп отырады. Он қойдан 10 қозы алса, оның 5-еуін кері қайтарады. Яғни қанша төл алса соның 50 пайызы өтелуі тиіс. Төлдің бәрі бірдей ұрғашы болуы шарт емес. Жағдайға қарай еркегін де араластырып аламыз. Осылайша 5 жылда біздің берген қойымыздан толық құтылады және өзі малды боп қалады.

Шаруа қожалықтары, ауыл әкімі және әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы арасында үш жақты келісім жасалады. Біз мал береміз, әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы қаражат беру жағымен айналысады, ал ауыл әкімі сол мал алған азаматтардың арзандатылған жемшөп алуына жәрдемдесуі керек. Сонда ауылдың қарапайым тұрғыны үш жақты қолдауға ие болады.

Осы жерде тағы бір қажеттілік туындайды. Тұрғындарға малының етін сататын, тапсыратын, өңдейтін цех ашылуы керек. Мың отбасыны қамтитын ет өңдеу цехын салу қазіргі кездің сұранысы болып тұр. Бір қуанарлығы, «Ауыл аманаты» бағдарламасында бұл да қамтылған. Менің ойымша, терең өңдеу кешендері бір бағытта болмауы керек. Ет, сүт, көкөніс, тағы басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеп шығаруға тиіс. Сол кезде шаруалар үшін малын, өзге де өнімдерін өткізудің бірнеше жолы табылады.